

8D023 Тілдер және әдебиет: 8D02310-«Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Батырбекова Камшат Айшигаровнаның «Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі «Байтарат'ул-вазих» жазба ескерткіші тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

## П І К І Р І

Халқымыздың рухани байлығын бойына жинақтаған тіліміздің тарихи қалыптасуында ежелгі және ортағасыр дәуір мұралары мен өзге де туыстас түркі тілдеріне тән ортақ заңдылықтарды салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттемейінше өзекті ғылыми мәселелердің басын ашу оңай емес. Осы тұрғыдан алғанда бұл жазба ескерткіштер түркі тілдерінің оның ішінде қазақ тілі тарихының қайнар көзі болып табылады. Ортағасырлық ескерткіштер тілі түркі жазба тілінің бізге жеткен е көне нұсқаларының бірі болғандықтан қазіргі тілімізге тән басты фонетикалық, грамматикалық заңдылықтардың бағыт-бағдарын, өткен кезеңдердегі қалып-күйін, ортақ лексикалық жүйенің дамуын айқындауға мүмкіндік береді. Мұндай мұралар тілінің лексикалық құрамы, фонетикалық жүйесі мен морфологиялық, синтаксистік құрылымы, стильдік ерекшелігі қазіргі түркі тілдерінен де көрініс тауып отыруы тек табиғи-генеалогиялық сабақтастықты ғана көрсетіп қоймайды, жалпытүркілік рухтың, тілдік сананың беріктігіне де дәлел бола алады. Түркі халықтарының ұлттық-мәдени болмысын, тарихи-әлеуметтік сипатын танытуға қызмет ететін жалпытүркілік танымды жаңғыртып, түркі жұртшылығы арасындағы рухани үйлесімділік пен тарихи тұтастықты сақтауға жол ашады. Бұл жазба мұраларды зерттеудің тек түркілік тілтану ғылымында ғана емес жалпы түркі әлемі аясындағы өзекті мәселе екенін көрсетеді.

Осындай мұраларды зерттеу арқылы диссертант бүгінгі қазақ тіл біліміне өзіндік өзіндік үлес қосып, ғылыми тұрғыдан баға беру, қазақ ғылымының даму бағытын айқындаумен қатар ХХІ ғасырдағы жаһандану дәуірінде жас ұрпақты тәрбиелеуде де маңызды мәселе көтерді деген ойдамыз.

Осы бағытта орындалған Батырбекова Камшаттың зерттеу жұмысы жазудың қоғамдық қажеттіліктерін орындауға бағыттылған, түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ жазуының өсу, өркендеу жолдарын ашып, әр кезеңге кең көлемді анықтама беріп, көпшілік оқырман қауымға ұсынғалы отырған еңбек деп бағаланғаны жөн.

Түркі тілдеріндегі лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерінің негізін айқындау мен сипаттау әр тілдің өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі заңдылықтарымен, өзіне ғана тән сипат-болмыспен қалыптасуына алып



келетіндігінің айғақталынуы диссертациялық жұмыс тақырыбының тіл біліміндегі өзекті мәселе екендігіне шүбә келтірмесе керек.

Зерттеу нәтижелері мәмлүк дәуіріндегі қыпшақ тілінің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ғылыми және мәдени ақпарат тасымалдаушы ретінде жоғары деңгейде қолданылғанын көрсетеді. Сол кезеңде жазылған «Байтарату'л-вазих» қолжазбасы ветеринария саласындағы алғашқы қыпшақ тіліндегі ғылыми трактаттардың бірі ретінде ерекше маңызға ие. Қолжазбада қолданылған кәсіби терминология мен ғылыми ұғымдар мәмлүк қыпшақтарының дүниетанымы, шаруашылық жүйесі, әскери өмірі мен тұрмыс-салтын бейнелейтін еңбек. Ізденуші жәдігерлікте қамтылған мәліметтер-жылқы шаруашылығы, емдеу әдістері, мал күтімі мен ат спортына қатысты тың деректерді ұсына отырып, ортағасырлық дала өркениетінің интеллектуалдық мұрасын салыстырмалы түрде көрсетіп, айғақты мысалдармен дәлелдер ұсынған. Сонымен қатар, мәтіндегі тілдік ерекшеліктер қазіргі қазақ тілімен тарихи сабақтастықты көрсететіні де назардан тыс қалмаған. Бұл ескерткішті зерттеу арқылы қазақ тілі мен мәдениетінің терең тамырларын, сондай-ақ түркі өркениетінің дәстүрлі білім жүйесін жан-жақты тануға болатындығы да терең сөз болған.

Қорыта айтқанда жұмыстың әр тарауындағы негізгі мәселелер толығымен ашылған. Жұмысты орындау барысында докторанттың көп ізденгені, көп еңбек еткендігі байқалады. Тақырыпқа қатысты мәселелерді, қажетті әдебиеттерді де кең көлемде пайдалана білген. Жұмыс толық аяқталған, докторлық диссертацияға қойылатын негізгі талаптарға сай жазылған. Батырбекова Камшат зерттеу барысында алға қойған мақсатына жеткен. Сондықтан да жұмысты қорғауға жіберуге лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші: ф.ғ.к., доцент



Н.Қ. Омаров